

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 13 қараша N 3755. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.07.11. N 654 жарлығымен. ~U010654

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Үкіметтің бұрынғы шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 13 қарашадағы
N 3755 Жарлығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы туралы

ЕРЕЖЕ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шығарылған нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

3. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның негізгі міндеттері:

1) бағалы қағаздар шығарылымы мен айналысы процесінде туындайтын қатынастарды реттеу;

2) инвесторлардың бағалы қағаздар рыногындағы құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау;

3) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметіне қойылатын міндетті талаптарды белгілеу;

4) бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының қызметін бақылау функцияларын жүзеге асыру;

5) бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының кәсіби және білім деңгейлерін көтеру жөніндегі жүйені ұйымдастыру болып табылады.

III. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

4. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия қойылған міндеттерді орындау үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісе отырып, бағалы қағаздар рыногын қалыптастыру мен дамыту саласындағы басымдықтарды айқындайды;

2) ұлттық бағалы қағаздар рыногының жай-күйін және даму перспективасын талдайды;

3) өзінің алдына қойылған міндеттерге сәйкес бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің атқаруы міндетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және белгіленген тәртіппен бекітеді;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің алдында Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның қызметі туралы есеп береді, жылдық есептерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағалы қағаздар рыногының жай-күйі туралы баяндайды;

5) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарының қолданылу практикасы жөнінде ұсынымдар әзірлейді;

6) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарын айналысқа қосу тәртібін айқындайды;

7) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің түрлерін айқындайды;

8) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай талаптарын (стандарттарын) бекітеді;

9) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары үшін міндетті өз капиталының ең төмен деңгейі жөніндегі талаптарды және бағалы қағаздармен жасалатын операциялар бойынша тәуекел дәрежесін төмендететін өзге де талаптарды белгілейді;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, бағалы қағаздар рыногындағы кастодиандық қызметті жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін, сондай-ақ нақты құны ұлттық валютамен (теңге) көрсетілген бағалы қағаздарды әкелудің және әкетудің тәртібін белгілейді;

11) инвестициялық қорлардың мемлекеттік емес зейнетақы қорларының, сақтандыру ұйымдарының және бағалы қағаздар рыногындағы басқа да институциялық инвесторлардың инвестициялық қызметінің стандарттары мен ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а й д ы ;

12) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды заңдарға сәйкес айқындайды;

13) бухгалтерлік есепке алу мен есептілік, активтердің құны мен бағасын есептеудің стандарттарын, бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне аудиторлық тексерістер жүргізу стандарттарын әзірлеуге қатысады;

14) бағалы қағаздар рыногын реттеу мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізіп, х а л ы қ а р а л ы қ ш а р т т а р ғ а қ о л қ о я д ы ;

15) бағалы қағаздар рыногын реттеуге қатысты нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз етеді;

16) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногындағы қызметті реттейтін заңдарын бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің сақтауын б а қ ы л а й д ы ;

17) бағалы қағаздардың кез келген түрін сатып алған инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

18) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің олардың қызметі туралы ақпаратты оның толықтығы, дұрыстығы, ашық болуы және оны жеткізудің жүйелілігі талаптарын ескере отырып, жариялау тәртібін сақтауын бақылайды;

19) бағалы қағаздар рыногының жұмыс істеуіне байланысты ресми м а т е р и а л д а р д ы ж а р и я л а й д ы ;

20) бағалы қағаздар рыногының жұмысы жөніндегі мәселелер бойынша кеңес алу үшін кеңесшілерді, консультанттар мен сарапшыларды белгіленген тәртіпте т а р т а д ы ;

21) тиісті құжаттарды бағалы қағаздар деп тану туралы шешім қабылдайды;

22) эмитенттердің бағалы қағаздарының эмиссияларын тіркеудің тәртібін б е л г і л е й д і ;

23) бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін құрудың және сақтаудың шарттарын, тәртібін, тізілім көшірмелерінің нысандарын, бағалы қағаздарды беру туралы өкімдердің нысандарын және оларда көрсетілетін мәліметтердің т і з б е с і н б е л г і л е й д і ;

24) эмитенттерге олардың бағалы қағаздар шығарылымдарының және

айналасының шарттарын орындауы жөнінде бақылау жасауды жүзеге асырады;

25) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың эмиссияларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

26) жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздар эмиссияларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

27) мемлекеттік тіркеуден өткен бағалы қағаздар эмиссияларына біріздендірілген нөмірлер береді;

28) мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссияларына біріздендіру нөмірлерін б е р е д і ;

29) бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

30) эмитенттердің есептерін бекіту үшін ұсынылған құжаттардың тізбесін және оларды ресімдеу тәртібін белгілейді;

31) эмитенттердің бағалы қағаздар шығарылымы мен орналастыру қорытындылары туралы есептерін бекітеді;

32) эмитенттердің бағалы қағаздармен жасаған операцияларының есебін жүргізу және осы операциялар бойынша есептілікті жасау ережелерін а й қ ы н д а й д ы ;

33) бағалы қағаздарды, оның ішінде шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарын жариялы түрде орналастыруға жіберудің нормаларын белгілейді;

34) бағалы қағаздар рыногындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметін л и ц е н з и я л а й д ы ;

35) бағалы қағаздармен сауда жасау ережесін бекітеді;

36) бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарына қойылатын міндетті талаптарды белгілейді;

37) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының, бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың есеп беру тәртібін айқындайды;

38) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының бағалы қағаздармен жасалған операциялар есебін жүргізуінің және осы операциялар бойынша есептілікті жасау ережелерін айқындайды;

39) бағалы қағаздар рыногындағы түрлі кәсіби қызметтерді және бағалы қағаздармен жасалатын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қызметін, бағалы қағаздардың бланкілерін шығаруды және әкелуді заңдарға сәйкес л и ц е н з и я л а у д ы жүзеге асырады;

40) бағалы қағаздар рыногы субъектілерді қызметінің олардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алған лицензияларына сәйкестігіне т е к с е р і с т е р жүргізеді;

41) бағалы қағаздар рыногы мамандарын-кәсіпқой қатысушыларын оқытуды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

42) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

IV. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

5. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия:

1) бағалы қағаздар рыногындағы қатынастарды реттейтін заң жобалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және оларға сараптама жүргізуге қатысуға;

2) Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның аумақтық бөлімшелерін құруға, қайта құруға және таратуға;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен, министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, өзге де органдардан, ұйымдар мен жеке тұлғалардан олардың бағалы қағаздар рыногындағы қызметіне қатысты қажетті ақпаратты сұратуға және алуға және осындай ақпаратқа талдау жүргізуге;

4) басқа мемлекеттердің эмитенттері шығарған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу;

5) бағалы қағаздардың жаңа түрлерін және туынды бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногындағы айналысқа жіберу туралы шешімдер қабылдауға және осы бағалы қағаздардың айналысын тіркеу ережелерін және тәртібін белгілеуге;

6) заңның талаптары бұзылған жағдайда эмитенттердің бағалы қағаздарының эмиссияларын тіркеуден бас тартуға, тоқтата тұруға немесе бағалы қағаздар эмиссиясын болмаған деп тануға, бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру туралы есептерді бекіту туралы шешімдерді жоюға;

7) мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығаруды және орналастыруды жүзеге асыратын эмитенттерден оларды орналастырудың Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы белгілеген талаптарға сәйкес келетін нәтижелері туралы есептерді сұратуға және алуға;

8) мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығаруды және орналастыруды жүзеге асыратын эмитенттерден өзінің қызметі туралы есепті Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы белгілеген нысанда және мерзімде сұратуға және алуға ;

9) мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығаруды және орналастыруды жүзеге асыратын эмитенттерден инвесторлардың мүдделеріне қатысты мәліметтерді, сондай-ақ эмитенттердің қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты өзгерістер туралы ақпаратты сұратуға және алуға;

10) акционерлік капиталды қалыптастыру, бағалы қағаздар бойынша табыстар төлеу мәселелері жөнінде және бағалы қағаздар тізілімін олар өздері дербес жүргізген жағдайда бағалы қағаздармен жүргізілген операциялардың

есепі мен есептіліктің дұрыстығын, сондай-ақ Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының өкілеттіктеріне сәйкес басқа да мәселелер жөнінде эмитенттердің қызметін тексеруге;

11) бағалы қағаздар ұстаушылардың жеке шоттарымен операциялар жүргізуді тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдауға, сондай-ақ бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімінен мәліметтер сұратуға және алуға;

12) бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің жаңа түрлерін белгіленген тәртіппен айқындауға;

13) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының қызметіне қойылатын талаптарды әзірлеуге, бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына заңдарға сәйкес лицензия беруге немесе оны беруден бастартуға;

14) қор биржаларының және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың бағалы қағаздармен сауда жасау ережелерін бекітуге, оларға бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беруге немесе оны беруден бастартуға;

15) бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырудың негізгі талаптарын белгілеуге;

16) бағалы қағаздар бланкілерін шығару және әкелу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың негізгі талаптарын белгілеуге, қызметтің осы түріне лицензия беруге және беруден бастартуға;

17) берілген лицензияларды бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарға сәйкес қайтарып алуға немесе олардың қолданылуын тоқтата тұруға;

18) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларынан, бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардан Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия белгілеген тәртіппен қызметінің нәтижелері туралы есептерді, бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар туралы ақпараттарды сұратуға және алуға;

19) бағалы қағаздар бланкілерін шығару және әкелу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерден Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия белгілеген тәртіппен есептер сұратуға және алуға;

20) бағалы қағаздармен жүргізілген операциялар бойынша есепке алу мен есептіліктің дұрыстығының мәселелері жөнінде бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының қызметіне тексерістер жүргізуге;

21) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметіне Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының тапсырмалары мен ұсыныстары бойынша, бағалы қағаздар рыногының қатысушылары мен азаматтардың өтініштері бойынша тексерістер жүргізуге;

22) эмитенттердің, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажетті құжаттарды беру туралы шешімдер қабылдауға;

23) тексерістерге қатысу үшін қаржы, салық және құқық қорғау органдарының мамандарын, сондай-ақ консультанттар ретінде отандық және шетелдік мамандарды тартуға;

24) қор рыноктарындағы қатынастарға, бағалы қағаздар рыногын реттейтін заңдардың нормалары бұзылған кезде келісілген әрекеттер жасауға қатысты мәселелер бойынша өзге де мемлекеттердің бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу органдарымен өзара іс-қимыл жасауға;

25) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңдарының бұзылуы анықталған кезде тиісті шаралар қолдану үшін материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға және басқа да мемлекеттік органдарға жіберуге;

26) бағалы қағаздар субъектілерінің бағалы қағаздардың шығарылымы мен айналысы процесінде бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы соттарға қуынуға;

27) бағалы қағаздар рыногының субъектілері арасындағы дауларды шешу кезінде аралық судья болуға;

28) бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларын даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға оқу орталықтарына белгіленген тәртіппен рұқсат беруге, олардың қызметін Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия белгілеген тәртіппен үйлестіруге және бақылауға, оқу орталықтарының тыңдаушыларын олардың бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеуге кәсіби жарамдылығын тексеру үшін аттестация жүргізуге; оқу орталықтарының аттестациядан өткен тыңдаушыларына бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік куәліктерін беруге, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның нормативтік актілеріне көзделген жағдайларда біліктілік куәліктерінің күшін тоқтата тұруға және кері қайтарып алуға;

29) Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның баспасөз органын құруға;

30) бұқаралық ақпарат құралдарына эмитенттер, сауда-саттықты ұйымдастырушылар, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары және олардың өзін-өзі реттейтін ұйымдары туралы қажетті мәліметтер жариялауға;

31) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу туралы куәліктер, оқу орталықтарына бағалы қағаздар рыногының мамандарын даярлау құқығына және мамандардың кәсіби жарамдылығына аттестация жүргізуге берілген рұқсаттар үшін, сондай-ақ мүдделі адамдарға Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының

ақпараттық базасына кіретін құжаттардың көшірмелерін (оларды дайындауға кеткен шығыннан аспайтын құн бойынша) бергені үшін ақы төлеу тәртібі мен мөлшерін белгілеуге құқығы бар. Аталған қаражат республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі;

3 2)

33) заңдарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.12.20. N 517 жарлығымен. U 0 0 0 5 1 7 _

V. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия бірыңғай орталықтандырылған құрылымы мен тіке бағыныстылық схемасы бар орган болып табылады.

7. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның құрылымына орталық аппарат мен аймақтық бөлімшелері кіреді.

8. Комиссия мен Директорат Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның басқару органдары болып табылады.

9. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның жоғары басқару органы Комиссия болып табылады.

10. Комиссия жеті адамнан тұрады. Комиссияның құрамына Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның Төрағасы, үш атқарушы директор, Қазақстан Республикасының Президентінен, Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен бір-бірден өкіл енеді.

11. Комиссияның Қазақстан Республикасының Президентінен, Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен енгізілген мүшелерін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тағайындайды және босатады.

12. Комиссия өзінің отырыстарын кемінде 5 мүшесі болғанда кез келген уақытта жүргізуге құқылы. Комиссияның бағалы қағаздар рыногын реттеу мәселелері жөніндегі шешімдері оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның даусы Комиссия отырысында шешуші болып табылады.

13. Комиссияның отырысы Төраға қол қойған хаттамамен ресімделеді. Шешім Төраға мен Комиссияның отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қойған Комиссияның қаулысымен ресімделеді.

14. Комиссия осы Ереженің 4-тармағының 1) - 13) тармақшаларында аталған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

15. Директорат Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның жедел

басқару органы болып табылады.

16. Директораттың құрамына Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның Төрағасы, 3 атқарушы директор, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіреді. Директораттың дербес құрамын Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия Төрағасының ұсынуы бойынша Комиссия бекітеді. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның Төрағасы Директораттың отырыстарында төрағалық етеді. Директораттың отырысын оның міндетін атқарушы оның тапсырмасы бойынша жүргізе алады. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның Директораты Комиссияның және Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия Төрағасының құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

17. Директорат өзінің отырыстарын Директорат мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігі болғанда кез келген уақытта өткізуге құқылы. Директораттың шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болғанда отырыстағы Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

18. Директораттың отырысы отырысқа қатысқан барлық тұлғалар қол қойған хаттамамен ресімделеді. Шешім Директораттың қаулысымен ресімделеді.

19. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Комиссияның мүшелерін Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның атқарушы директорларын Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның Төрағасы:

- 1) Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 2) Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның қызметін ұйымдастырады;
- 3) Комиссия мен Директораттың шешімдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- 4) Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасында міндеттерді бөледі және оның аумақтық бөлімшелері басшыларының міндеттерін айқындайды;
- 5) Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және қызметтен босатуды жүзеге асырады, оларға ынталандыру шаралар мен тәртіптік жазалар қолданады;

7) өз құзыреті шегінде Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның барлық қызметкерлері атқаруға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, олардың атқарылуына бақылауды ұйымдастырады;

8) Комиссия мен Директораттың қаулыларына қол қояды;

9) Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия орталық аппаратының және аймақтық бөлімшелерінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ штаттық кестесін бекітеді;

10) басқа мемлекеттік органдармен және ұйымдармен қатынастарда Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия атынан өкілдік етеді;

11) шетелдік үкіметтік және өзге де ұйымдармен қатынастарда Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның атынан іс-әрекет жасайды және сенімхатсыз өкілдік етеді;

12) өзі болмаған кезде міндеттерді атқарушы директорлардың біріне жүктейді, ол Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның қызметін үйлестіреді және оған Төраға жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.12.20. N 517 жарлығымен
U 0 0 0 5 1 7 _

21. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияны қамту республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.12.20. N 517 жарлығымен
U 0 0 0 5 1 7 _

22. Алып тасталды - ҚР Президентінің 2000.12.20. N 517 жарлығымен.
U 0 0 0 5 1 7 _

23. Алып тасталды - ҚР Президентінің 2000.12.20. N 517 жарлығымен.
U 0 0 0 5 1 7 _

24. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия Төрағасының еңбегіне ақы төлеу, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, көліктік, медициналық және өзге де қызметтер көрсету министр деңгейінде, ал Комиссия мүшелері - Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның атқарушы директорларына - вице-министр деңгейінде белгіленеді.

25. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның қызметкерлері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері медициналық қызмет көрсетуді белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде п а й д а л а н а д ы .

26. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі болады

27. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияға берілген және бекітілген

мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

VI. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫ ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

28. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия заңдарда белгіленген тәртіппен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК